



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Мамандық таңдау — маңызды әрі жауапты қадам. Сондықтан таңдау дұрыс жасалуы керек!

Сіздерді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқи отырып, студенттік шақты жарқын, жемісті әрі шығармашылыққа толы өткізуге шақырамыз!

Филология факультеті 1937 жылы құрылды. Факультет ондаған жылдар бойы бұрынғы Кеңес Одағы мен қазіргі Қазақстанның филология ғылымының даму тарихында маңызды орындардың бірін иемденіп келеді. Факультеттің қалыптасуы мен дамуының бастауында М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, М.Балақаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Х.Махмудов, А.Аманжолов, А.Кекілбаев, М.Бағызбаева Р. Әмір және т.б. сияқты қазақстандық академиктер, ғылымның корифейлері болды.

Факультет оқытушыларының ғылыми, педагогикалық және әдістемелік зерттеуде үлкен тәжірибелері бар. Олар көрнекті ғалым, академик, профессорлар ұрпақтарынан, елден тыс жерлерде кеңінен танымал, әртүрлі филологиялық ғылыми мектептер мен бағыттарды жасаушылардан жинақталған.

Факультеттің миссиясы: филологиялық мамандықтар бойынша бакалаврлар, магистрлер, PhD докторларды — білім, ғылым және инновациялық өндірісті тиімді интеграциялау негізінде қазіргі заманғы зияткерлік талаптарға және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес келетін жоғары кәсіби біліктілігі бар жаңа формациядағы мамандарды даярлау.

Біз тіл үйренуге қабілетті, парасатты, білімді, талантты жастарды асыға күтеміз.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Филология факультеті — сіздің дұрыс таңдауыңыз!



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
филология ғылымдарының
докторы, профессор,
ҚР ҰҒА мүше
корреспонденті,
ЖОЛДАСБЕКОВА БАЯН
ӨМІРБЕКҚЫЗЫ



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Түймебаев Ж.Қ.

КЕАҚ «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»
Басқарма төрағасы – ректоры
Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. «Құрмет» орденінің және жоғары мемлекеттік наградалардың иегері.



Жұмаділов Қ.

Қазақстанның халық жазушысы. ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері.



Айтбаев Ө.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Президенті.
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор. «Құрмет» орденінің иегері.



Исабеков Д.

Жазушы драматург. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.



Жолдасбеков М.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.



Оралин Н.

Ақын-драматург, мемлекет және қоғам қайраткері. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.



СІЗГЕ ҚАЖЕТТІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ АЛУДЫҢ 5 СЕБЕБІ:

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Факультет "Түркітану", "Филология", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі: екі шет тілі", "Лингвистика" "Әдебиеттану", "Аударма және аударматану" бағыттары бойынша білікті бакалаврлар, магистрлер мен PhD докторларын дайындайды. "Филология" (РХДУ) және "Лингвистика" (ММЛУ) бағыттары бойынша магистранттар мен докторанттарға қос дипломды білім беру жүзеге асырылуда. "Абай", "Атлантида", "Бакалавр", "Руслит.kz", "Әдіскер" 5 білім беру интернет-порталы жұмыс істейді.

2. ЖОҒАРЫ ҚАДРЛЫ ӘЛЕУЕТ

Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында және шетелде: Австрияда, Венгрияда, Германияда, Испанияда, Италияда, Кореяда, Польшада, АҚШ-та, Түркияда, Францияда, Жапонияда тағылымдамадан өткен, кафедраларда ғылыми қызметпен белсенді айналысатын профессорлар мен доценттер, ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істейді. Факультет оқытушыларының қатарында ҚР БҒМ "ЖОО үздік оқытушысы" республикалық байқауының 20 жеңімпазы бар!

3. ТҮЛЕКТЕРДІҢ СҰРАНЫСЫ

Филологтың дипломы орта, бейінді және кәсіптік білім беру мекемелерінде жұмысқа орналасуға кепілдік береді; мамандар БАҚ редакцияларында, мәдениет мекемелерінде және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында сұранысқа ие. Филология факультетінің түлектерін жұмысқа орналастыру – 100%.

4. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жоғары курс студенттері, магистранттар мен докторанттар әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан, сондай-ақ жарты жылдық оқудан өте алады. Түлектер магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де, оның ішінде ағылшын тілінде де тегін оқуды жалғастыра алады.

5. ЖАРҚЫН СТУДЕНТТІК ӨМІР

Студенттерді ҚазҰУ-дың Ғылыми, халықаралық және әлеуметтік-тәрбиелік жобалары аясында ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу сияқты сан алуан өмір күтеді. Факультеттің студенттері мен магистранттарын үйірмелер мен орталықтардың жұмысына тартылуы 100%-ды құрайды.



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ?

Мұғалім-педагог;

Білім беру, мәдениет, басқарма, БАҚ мекемелерінде көптілді маман (аударма, редакторлық, сараптамалық, аналитикалық қызмет);
Тіл және әлеуметтік-мәдени коммуникация және қоғаммен байланыс, әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларындағы маман;
Ғылыми-зерттеу ұйымдары мен жоғары оқу орындарындағы, ғылыми және білім беру орталықтарындағы орта буын маман.

ЖОО оқытушысы;

Гуманитарлық бағыттағы орта кәсіптік және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу орындарының оқытушысы;
Ғылыми қызметкер, ҚР ҰҒА жүйесі ҒЗИ және ЖОО жетекші маманы;
Ғылыми референт-филолог;
Мемлекеттік мәдениет және әдебиет ұйымдарында әдеби қызметкер;
Ғылыми редактор, аудармашы-редактор;
Түрлі салалардағы аудармашы-лингвист.

Зерттеуші-филолог;

Зерттеуші-аударматанушы;

ЖОО оқытушысы;

Сарапшы-аудармашы;

Компания басшысы.



Факультеттің оқытушы-профессорлар құрамын марапаттау рәсімі.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

БАКАЛАВРИАТ

6B017 – ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ

B016 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Қазақ тілі мен әдебиеті

B017 – «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Орыс тілі мен әдебиеті

B018 – «Шетел тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Шетел тілі: екі шет тілі

6B022 – Гуманитарлық ғылымдар

B035 – Түркітану және шығыстану

6B023 – ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

B036 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы:

Аударма ісі (батыс тілдері)

Шетел филологиясы (батыс тілдері)

B037 – «Филология» білім беру бағдарламасы:

Қазақ филологиясы

Әдебиеттану

Орыс филологиясы



МАГИСТРАТУРА

7М016 – ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ

М017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Қазақ тілі мен әдебиеті

7М017 - ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ

М018 – «Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Орыс тілі мен әдебиеті

М019 – «Шет тілі педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Шетел тілі: екі шет тілі

Шетел тілі: екі шет тілі (қос дипломдық, РХДУ, ММЛУ)

7М023 – ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

М056 – «Аударма ісі, синхронды аударма» білім беру бағдарламасы:

Аударма ісі (батыс тілдері)

Аударматану және кәсіби коммуникация (1 жыл)

М057 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы:

Компьютерлік лингвистика

Лингвистика

Тіл және мәдениаралық коммуникация

М058 – «Әдебиет» білім беру бағдарламасы:

Әдебиеттану

М059 – «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы:

Шетел филологиясы (батыс тілдері)

М060 – «Филология» білім беру бағдарламасы:

Қазақ филологиясы

Орыс филологиясы

7М022 – Гуманитарлық ғылымдар

М054 – Түркітану



ДОКТОРАНТУРА

8D017 - ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ

D017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Қазақ тілі мен әдебиеті

D018 – «Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Орыс тілі мен әдебиеті

D019 – «Шетел тілі педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы:

Шетел тілі: екі шет тілі

8D023 – ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

D056 – «Аударма ісі, синхронды аударма» білім беру бағдарламасы:
Аударма ісі (батыс тілдері)

D057 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы:

Лингвистика

D058 – «Әдебиет» білім беру бағдарламасы:

Әдебиеттану

D059 – «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы:

Шетел филологиясы (батыс тілдері)

D060 – «Филология» білім беру бағдарламасы:

Қазақ филологиясы

Орыс филологиясы

8D022 – Гуманитарлық ғылымдар

D054 – Түркітану



СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР



Қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы саналатын университетіміздің көп жылдық тарихы бар филология факультеті – сөз өнерінің қадірі мен қасиетін білетін тіл мен әдебиет, руханият пен мәдениет саласының білгірлерін даярлайтын факультет. Елімізде, шет мемлекеттерде табысты, абыройлы еңбек етіп жүрген көптеген филолог мамандардың жеңісі мен жетістіктері – факультет ұстаздарының үлкен еңбегі. Себебі, біз сабақ алатын ұстаздар – республикамызға және өзге де мемлекеттерге танымал профессорлар мен академиктер. Мұндайда осындай факультетте білім алу бақыты бұйырған әрі оны мақтаныш санайтын әрбір студенттің ойына халқымыздың: «Ұстазы мықтының – ұстамы мықты» деген дәйексөзі оралары анық.

Факультетіміздегі студенттік өмірдің қызықтары өте көп. Қазақстанның түрлі өңірлерінен ару қала Алматыға арман қуып келген жалынды жастар әрбір күнін бос жібермей, үнемі ізденісте жүреді. Түрлі өнер салаларымен, спортпен айналысады. Факультетімізде өтетін ішаралар арқылы әрбір студент өзіндік өмір бағдарын табуға талпыныс жасап, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді.

Өтеген Бекет, 1-курс магистранты



Біз білім алып жатқан филология факультеті – Қазақстандағы гуманитарлық сала мамандарын дайындайтын іргелі факультет. Факультетте өте білікті, білімді ұстаздар дәріс, семинар жүргізеді. Өзімізбен бірге оқитын студенттер аз ғана уақыттың ішінде жақын адамдардай болып кетті. Осы арқылы қазақ халқының қонақжай, кеңпейіл, бауырмал халық екенін білдік.

Университетте шетелдік студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Ал, факультет ұстаздары мен студент достарымыз бізге қазақ тілін үйрену барысында үлкен көмек береді. Себебі, тіл арқылы кез келген ұлттың болмысы айқындалады.

Біз Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнының ең үздік факультеттерінің бірінде білім алып жатқанымызға қуаныштымыз!

Нгуен Ханг Тхи Минь, 4-курс студенті



СТУДЕНТТІК БИЗНЕС-ИНКУБАТОР

Факультет студенттері өздерінің тың идеяларын студенттік бизнес-инкубатор аясындағы жобаларда қорғап, өндіріске енгізу бағытында жұмыс істеуде. 2017-18 оқу жылында «5В020500 - Филология» мамандығының 3-курс студенті Иса Альвираның «Ыммен сөйлесуді қазақша үйрету кешені» атты жобасы университет деңгейінде жүлделі ІІ орынға ие болды.

ФАКУЛЬТЕТТЕГІ СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАР, ҮЙІРМЕЛЕР, КЛУБТАР

Мұхтар Әуезов атындағы
бірлестік
«Жәдігер» орталығы
«Инабат» орталығы
«Көкжиек» клубы
«Тәржіман» клубы
«Лингвистикалық болжау»
үйірмесі
«Аққайың» клубы
«Әдеби жүздесулер» клубы
«Түлектер» клубы
«Неміс әні» үйірмесі
«Таң қалмаңыз» КТӨ клубы
«Лингвистикалық бірлестік»
үйірмесі

«Шешендік өнер» клубы
«Ғылымға жол» клубы
«Жас лингвистер» клубы
Мұрагер еріктілер қозғалысы
«Ономастика» үйірмесі
«Сот-лингвистикалық сараптама»
үйірмесі
«Toastmaster» клубы
English Club
«Ай-ару» орталығы
«Сөз маржаны» клубы

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

Абай институты
Аударма орталығы
Орыс тілі және мәдениеті орталығы
«Қазақ тілі: әлеуметтік және
психоллингвистикалық эксперименталды оқу»
зертханасы
Олжас Сүлейменов лингвистикалық зерттеу
орталығы
Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығы
Компьютерлік лингвистика ғылыми зерттеу орталығы
«Лингвоарна» ғылыми-зерттеу және оқу-әдістеме орталығы
«BRITISH CENTRE: LANGUAGE and CULTURE» атты орталығы
«ILC KAZNU» орталығы



СТУДЕНТТІК ӨМІР



Студенттік көктем – 2019 сайысы.



Түлектер балы – 2019. Факультет түлектерінің бітіру кешінен.



Сұңқар кубогі – 2019.



Ректормен кездесу.



«Айналады нұрландыр» жобасы.



Универсиада 2017.



ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Қытай Халық Республикасы
Шанхай қаласында



РХДУ профессоры А. Коваленко
Филология факультетінде.



«Флагман» бағдарламасы бойынша
ҚазҰУ-ға оқуға келген АҚШ студенттері.



Шетелдік ғалым, ф.ғ.д., профессор Dan
Davidson (АҚШ) ҚазҰУ-да қонақта.



Дербетен университетінің профессоры
Ангелика Молнар (Венгрия).



Бердах атындағы Қарақалпақстан
мемлекеттік университетінің профессор-
лары Гулимов Аманлық Базарбайұлы және
Дүйсенбаев Олим Исмаилұлы.

